

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2018 жылдың 20 қарашасындағы
№ 133 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л г е н

2019 жылдың 18 ақпанынан бастап

қолданысқа енгізілді

АСТ және NEXТ сауда-саттық жүйелеріндегі сауда-саттықтардың РЕГЛАМЕНТІ

(Атауы Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)

Алматы қ.

2018

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2019 жылдың 28 ақпанындағы № 31 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2019 жылдың 04 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 толықытру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2019 жылдың 28 наурызындағы № 41 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2015 жылдың 28 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2019 жылдың 26 маусымындағы № 73 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2019 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2019 жылдың 30 шілдесіндегі № 87 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2019 жылдың 01 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 5 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі № 103 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- Басқарманың жеке шешімімен қолданысқа енгізіледі.

Осы Регламент "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) өткізетін сауда-саттығында (Биржада айналысқа жіберуге) рұқсат етілген қаржы құралдарының сауда-саттығы және АСТ және NEXТ сауда-саттық жүйелерінің бақылау және қамтамасыз ету жүйелерінің жұмыс тәртібінің негізгі параметрлерін, анықтайды (*осы кіріспе сөзбасы Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Ұғымдар

1. Осы Регламенттің мақсаттары үшін:
 - 1) баға ауытқуының шектелімі деп өтім бағасының ауытқу шектелімі қандай да бір өлшемге жеткенде, немесе асқанда, осы Регламентке және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына, Директорлар кеңесінің немесе Биржа Басқармасының шешімдеріне, сауда-саттық жүйесінің баптауларына сәйкес белгілі бір оқиға немесе белгілі бір жағдай орын алады;
 - 2) операциялық күн деп Биржаның сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өкімшілік ету бойынша процедураларды, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клиринг және есептесулерді жүзеге асыратын, жұмыс күннің бір бөлігі;
 - 3) қаржы құралдары деп тек Биржада айналысқа рұқсат етілген, қаржы құралдарын түсіну керек;
 - 4) сауда-саттық деп тек Биржа өткізетін сауда-саттықты түсіну керек;
 - 5) мәмілелер деп тек қаржы құралдарымен сауда-саттықта жасалған мәмілелерді түсіну керек;
 - 6) өтім деп тек мәміле жасасуға өтімдерді түсіну керек;
 - 7) өтімділігі бірінші (немесе екінші, немесе үшінші) кластағы және, Биржаның "Қаржы құралдарын Т+ Тізіміне және Т+ қамтуының Тізіміне енгізу тәртібі" атты ішкі құжатына сәйкес, Т+ тізіміне енгізілмеген акциялар деп, өтімділігі бірінші (немесе екінші, немесе үшінші) кластағы бағалы қағаздардың қолданыстағы тізіміне¹ енгізілген, акциялар деп түсіну керек (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 8) жұмыс күні деп тек Қазақстан Республикасында жұмыс күн болып саналатын күнді түсіну керек;
 - 9) демалыс (жұмыс күн емес) күн деп, қандай да бір себептермен Биржаның корреспондент-банктері тиісті шетел валюталарымен және теңгемен есеп айырысуларды жүзеге асырмайтын, Қазақстан Республикасындағы жұмыс күнді түсіну керек
2. Осы Регламентте қолданылған өзге ұғымдар мен терминдер, Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері"² атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, анықталады.

¹ Түрлі кластағы өтімді бағалы қағаздардың тізімдері Бағалы қағаздар өтімділігі көрсеткішін анықтау Әдістемесіне сәйкес қалыптастылады.

² "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2017 жылдың 14 желтоқсанындағы № 30 хаттама).

2 бап. Сауда-саттық регламенті туралы түсінік

1. Сауда-саттық регламенті деп оны өткізудің негізгі параметрлерін түсіну
 - 1) сауда-саттық өткізу орны;
 - 2) сауда-саттық өткізу уақыты;
 - 3) сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі;
 - 4) лот көлемі;
 - 5) қаржы құрал бағасының өлшем бірлігі;
 - 6) сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы;
 - 7) баға ауытқуының шектелімі;
 - 8) сауда-саттық өткізудің қосымша әдісі;
 - 9) сауда-саттықтың резервтегі әдісі;
 - 10) ерекше жағдайлар және сауда-саттық өткізудің негізгі параметрлерін қолдануды шектеу кіреді.
2. Сауда-саттық өткізу орны осы Регламенттің 3 бабына сәйкес анықталады.
3. Сауда-саттық уақыты осы Регламенттің 4 бабында және 2-8 тарауларында анықталады.
4. Сауда-саттықтың негізгі әдісі осы Регламенттің 7 бабына сәйкес анықталады.
5. Лот көлемі (осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), қаржы құралдары бағасының өлшем бірлігі, сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы, сауда-саттықтың қосымша және резервтегі әдістері осы Регламенттің 2-8 тарауларында белгіленген.

Егер сауда-саттық тікелей мәмілелер жасасу әдісімен өткізілсе, "лот" деген ұғым қолданылмайды; өтінімдер көлемі, демек, мәміленің көлемі де, сауда-саттыққа қатысушылардың өзара келісімімен дербес түрде анықталады.

3 бап. Сауда-саттықты өткізу орны

1. Сауда-саттық өткізудің негізгі орны сауда-саттық жүйесі болып табылады, онымен жұмыс жасау алыстан кіру тәртібінде (соның ішінде ақпараттарды бағдарламалық-криптографиялық құралдармен қорғауды қолданумен) жүзеге асырылады (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).
2. Егер сауда-саттықты сауда-саттық жүйесінде өткізу мүмкін болмаса, сауда-саттық, Биржа Басқармасының Төрағасы немесе Басқарма Төрағасының сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін, орынбасары осы мақсатта белгілеген жерде, дауысқа салу тәсілімен жүзеге асырылады (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).
3. Сауда-саттыққа қатысушы – Биржа мүшелерінің сауда-саттық өткізілетін жаңа орынға сауда-саттық басталар алдында жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатында, сауда-саттыққа қатысушы – Биржа мүшелері сауда-саттық өткізу орнының өзгеруі туралы сауда-саттық жүйесі немесе өзге де қолжеткізерлік тәсілдермен хабарландырылуы тиіс.

4 бап. Сауда-саттық өткізудің уақыты

1. Осы Регламенттің 2-9 тарауларында қаржы құралдарының әр тобына бөлек белгіленгендей (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгеннен басқа), сауда-саттықтар әр жұмыс күні³ сауда-саттық күні бойы өткізіледі.

Қаржы құралының жалғыз сатушысымен немесе сатып алушысымен сауда-саттық заты болып табылатын қаржы құралы бойынша сауда-саттық күні (осы сауда-саттықтар "Мүшелік жарналар мен биржалық алымдар туралы Ереже" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленгендей), осы сауда-саттық заты болып табылатын қаржы құралдарының тобына белгіленген сауда-саттық күнінен өзгеше болуы мүмкін.

2. Шетел валютасы бойынша өткізілетін сауда-саттық күні, осы Регламенттің 7 бабында белгіленгендей, бөлек сауда-саттық сессияларына бөлінеді.

Шетел валютасынан өзгеше қаржы құралдарының сауда-саттық күндері бөлек сауда-саттық сессияларына бөлінбейді: осындай қаржы құралдары бойынша сауда-саттық, ұзақтығы сауда-саттық күнмен тең, бір сауда-саттық сессиясы аралығында жүзеге асырылады.

3. Жеке қаржы құралдарымен немесе қаржы құралдар тобымен өткізілетін сауда-саттықтарды өткізу уақытын Биржа Басқармасының Төрағасы немесе Басқарма Төрағасының орынбасары мынадай жағдайларда өзгертуі мүмкін:

- 1) сауда-саттық өткізгенде қолданылатын, бағдарламалық-техникалық құралдардың жаңылыстары немесе өзге де, сауда-саттықты әдеттегі тәртіпте өткізуге кедергі болатын жағдайларда;

- 2) осы Регламенттің 3 бабының 2 тармағына сәйкес, сауда-саттық өткізу орнын өзгерту;

- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен өкім келіп түсуі;

- 4) қаржы құралының рұқсаттама бастамашысынан осы қаржы құралы бойынша сауда-саттық ашу туралы еркін түрде жазылған, осы қаржы құралымен сауда-саттықтың ашылудың, осы қаржы құралдар тобы бойынша сауда-саттық күні шегіндегі ең қолайлы уақыты көрсетілген, өтінішінің келіп түсуі;

- 5) сауда-саттыққа қатысушысынан келіп түскен, қандай да бір қаржы құралдарының сауда-саттығын, осы сауда-саттыққа қатысушысы осы қаржы құралдарымен бұдан бұрын ашқан жайғасымдарын жабу және/немесе бұдан бұрын жасасқан мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін ұзарту туралы, жазбаша өтініші. Өтініште сауда-саттықты ұзартудың болжамды уақыты, сауда-саттықты ұзарту себептері көрсетілуі тиіс.

4. Сауда-саттыққа қатысушы – Биржа мүшелері сауда-саттықтың уақытының өзгеруі туралы сауда-саттық жүйесі арқылы және басқа да қол жеткізерлік тәсілдермен ескертіледі.

5 бап. Биржаның операциялық күні

1. Биржаның барлық қаржы құралдарының топтары үшін операциялық күні, осы баптың 3 тармағында және 4 тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен, Алматы уақытымен сағат 09.00-де басталады.

2. Биржаның операциялық күні, осы баптың 3 тармағында және 4 тармағының 2) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен, сағат 18.00-де

³ (Осы сілтеме Биржа Басқармасының 2014 жылдың 23 мамырындағы шешімімен алып тасталған).

аяқталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

3. Операциялық күннің аяқталу уақыты Биржа басқармасының Төрағасымен немесе, сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін, Басқарма Төрағасының орынбасарымен мынадай жағдайларда өзгертілуі (Биржаның операциялық күні ұзартылуы) мүмкін:
 - 1) қаржы құралдары бойынша клиринг жүргізу немесе есептесулерді жүзеге асыруда қолданылатын, Биржаның бағдарламалық-техникалық құралдарының жұмысындағы жаңылыстар, немесе, қаржы құралдары бойынша әдеттегі тәртіптемеде клиринг жүргізуге немесе есептесулерді жүзеге асыруға кедергі болатын, оқыс оқиғалардың туындауы;
 - 2) осы Регламенттің 4 бабының 3 тармағына сәйкес сауда-саттық күні уақытының ұзартылуы;
 - 3) сауда-саттыққа қатысушының еркін түрде жазылған, себептері мен ұзарту уақыты көрсетілген, операциялық күнді ұзарту туралы жазбаша өтінішінің келіп түсуі;
 - 4) Биржаға электрондық пошта арқылы немесе байланыстың басқа мүмкін болатын түрі арқылы Орталық депозитарийден оның операциялық күні ұзартылуы туралы хабарламаның келіп түсуі;
 - 5) дефолт жағдайында клирингті аяқтау мақсаттары үшін операциялық күннің ұзартылуы.
4. Қор нарығы үшін Биржаның операциялық күнін ашу және жабу тәртібі:
 - 1) Биржаның операциялық күні келесі әрекеттер орындалғанда ашылды деп саналады: Алматы уақытымен 9.15-ке дейін Биржа Орталық депозитарийге сауда-саттыққа қатысушылардың шоттарындағы ақшалар мен бағалы қағаздардың қалдықтары туралы сауал жолдайды, ал Орталық депозитарий Биржаға сұратылған мәліметтерді жібереді;
 - 2) Биржаның операциялық күні келесі әрекеттер орындалғанда жабылды деп саналады: Алматы уақытымен 19.15-де Биржа Орталық депозитарийге операциялық күнді жабу туралы сауал жолдайды, ал Орталық депозитарий Биржаға, осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен, операциялық күнді жабу мүмкіншілігі туралы жауап беріп хабарлама жібереді *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

6 бап. Қайталама мәміле жасаудың уақытын шектеу

Биржаның ішкі құжаттарымен алдында жасалған, бірақ орындалмаған мәмілелердің орнына және олардың шарттары бойынша, қайталанатын (соның ішінде, қайталанатынды қосарландыратын) мәмілелер жасасуға рұқсат етілсе, осындай қайталанатын мәмілелер тиісті қаржы құралдарының сауда-саттығын өткізу уақыты аяқталғаннан кейін, бірақ Растау жүйесінің жұмысы аяқталғанға дейін, жасалуы мүмкін *(осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

7 бап. Сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі

1. Қаржы құралдардың кейбір топтарына осы Регламенттің 2-8 тарауларымен және Биржаның ішкі құжаттарымен басқасы белгіленбесе, сауда-саттықтың негізгі әдісі үздіксіз қарсылама аукцион болып табылады.

1-1. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізілетін, USDKZT_TOM қаржы құралының сауда-саттықтары сауда-саттық күннің кез келген уақытында, бірақ сауда-саттық ақталғанға дейін жеті минуттан кешіктірмей, фракфурттық сауда-саттықтар әдісімен өткізіледі, егер *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен толықтырылды)*:

- 1) сатуға және сатып алуға өтінімдер қиылысқан немесе дәл келген жағдайда, болжамды мәміленің бағасы осы қаржы құралы бойынша алдыңғы сауда-саттық күндегі соңғы мәміленің бағасынан 1,5 % және одан аса пайызға өзгерсе;
- 2) сатуға және сатып алуға өтінімдер қиылысқан немесе дәл келген жағдайда, болжамды мәміленің бағасы осы қаржы құралы бойынша ағымдағы сауда-саттық күндегі соңғы фракфурттық сауда-саттыққа қалыптасқан, кесімді бағасынан 1,5 % және одан аса пайызға өзгерсе.

1-2. Сауда-саттық жүйесінде үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізілетін, USDKZT_TOM қаржы құралы бойынша сауда-саттықты аялдау тәртіптемесіне ауыстырған кезде *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен толықтырылды)*:

- 1) аялдау тәртіптемесінің минималды ұзақтылығы алты минутты, максималды – жеті минутты құрайды (осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен белгіленген, ерекшеліктерді ескерумен);
- 2) аялдау тәртіптемесінің алтыншы минутының соңында бір де бір өтінім қабылданбаса және/немесе жойылмаса, аялдау мерзімінің ұзақтылығы алты минут құрайды;
- 3) аялдау тәртіптемесінің ұзақтылығы алтыдан жеті минутқа дейін созылып, аялдау тәртіптемесінің алтыншы минутының соңына дейін ең болмаса бір қосымша өтінім қабылданып және/немесе қандай да бір өтінім жойылса, кездесойқ сандарды генерациялау әдісімен автоматты түрде сауда-саттық жүйесімен анықталған, көрсетілген уақыт аралығында кез келген кезде аяқталады.

2. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен сауда-саттық өткізгенде Биржаның ішкі құжаттарымен немесе сауда-саттық жүйесінің баптауларымен алдын ала өтінімдер беру, демек, Биржа сауда-саттық сессиясы басталғанға дейін қабылдайтын өтінімдерді беру мүмкіншілігі белгіленуі мүмкін.

Алдын ала өтінімдерді Биржа сауда-саттық өткізілетін күні Алматы уақытымен сағат 11.05-тен бастап қабылдайды.

Алдын ала өтінімдерді беру сауда-саттық қатысушысының алдын ала өтінімде күн сайын қалыптастыру мүмкіндігін көрсете отырып, осындай өтінімді беруі арқылы автоматты әдіспен жүзеге асырылуы мүмкін.

Алдын ала өтінімнің қолданыста болу мерзімі бойы, күн сайын, Алматы уақытымен сағат 11:05-те Биржаның сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарды сатып алуға және/немесе сатуға берілген алдын ала өтінімдер автоматты әдіспен қалыптастырылады.

Биржа, осы қаржы құралдар бойынша сауда-саттық өткізгенде бағаның түрі өзгергенде (таза емес бағадан таза бағаға ауысқанда және керісінше), қаржы құралдарының қасиеттері мен параметрлерінің өзгеруі осы қаржы құралы бойынша баға қалыптасуына елеулі ықпалын тигізуі мүмкін болса (мысалы, бағалы қағаздың бөлшектенуі), осы қаржы құралдарын сатып алуға және/немесе сатуға алдын ала берілген өтінімдерді автоматты әдіспен қалыптастыруды тоқтатуға құқылы.

Биржа осы қаржы құралын сатып алуға және/немесе сатуға алдын ала өтінім берген сауда-саттыққа қатысушысын, осы тармақтың екінші абзацына сәйкес алдын ала өтінімдерді күнделікті қалыптастыру

тоқтатылғаны туралы сауда-саттық жүйесінен тиісті хабарлама жөнелту арқылы, ескертуі тиіс.

Биржаның басқа ішкі құжаттарында белгіленген, сауда-саттық қатысушыларының өтінімдердің қамтылуын тексеруді жүзеге асыру жағдайында, өтінімдердің қамтылуын алдын ала тексеру сауда-саттық жүйесіне, соның ішінде автоматты әдіспен беру сәтінде жүзеге асырылады.

Биржа уәкілетті органнан қандай да бір Биржа мүшесінің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметін жүзеге асыруға лицензиясының қолданысын уақытша тоқтату немесе алып қою туралы ресми құжатты алған жағдайда, Биржаның сауда-саттық департаменті осы Биржа мүшесінің қаржы құралын сатып алу және/немесе сатып алуға алдын ала автоматты түрде өтінімдерді қалыптастыруды тоқтатады және/немесе берілген қолданыстағы өтінімдерін сауда-саттық жүйесінен алып тастайтыды.

2. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізілетін, облигациялар сауда-саттықтары аялдау тәртіптемесіне ауыстырылып, осы кезде франкфурттық сауда-саттық әдісімен өткізіледі (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*):
 - 1) Биржада айналысқа рұқсат етілген, облигацияларды сатуға және сатып алуға қарсылама өтінімдерде көрсетілген, бағалар дәл келген немесе қиылысқан жағдайда;
 - 2) алдын ала берілген сатуға және сатып алуға қарсылама өтінімдерде көрсетілген, бағалар дәл келген немесе қиылысқан жағдайда.
4. Сауда-саттық жүйесіндегі үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізілетін бағалы қағаздар сауда-саттықтарды аялдау тәртібіне ауыстырғанда (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген*):
 - 1) аялдау тәртібінің (осы тармақтың 3 тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) минималды ұзақтығы – 10 минут, максималдысы – 20 минут;
 - 2) аялдау тәртіптемесі (осы Регламентпен белгіленген, сауда-саттық сессиясының ұзақтығын шектеуді ескере отырып, осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген аялдау тәртіптемесінің максималды ұзақтығының және осы тармақтың 3) тармақшасында белгіленген ерекшелікті ескерумен) төмендегілер орын алған сәттен кейін бес минуттан соң аяқталады:

сауда-саттықтың аялдау тәртіптемесінде болу кезінде, Биржа өтінімдердің соңғысын қабылдағаннан соң;

сауда-саттықтың аялдау тәртіптемесінде болу кезінде қандай да бір өтінімнің күші жойылғаннан кейін;

сауда-саттықтың аялдау тәртіптемесінде болу кезіндегі қандай да бір өтінімнің шарттарын соңғы рет ауыстырғаннан кейін;
 - 3) егер осы тармақтың 1) және 2) тармақшасына сәйкес аялдау тәртібінің ұзақтығы 11 минуттан 18 минутқа дейін деп білгеленсе, аялдау тәртібі дәл осы ұзақтыққа сәйкес аяқталуы тиіс;

егер осы тармақтың 1) және 2) тармақшасына сәйкес аялдау тәртібінің ұзақтығы 18 минуттан 20 минутқа дейін деп білгеленсе, аялдау тәртібі дәл осы ұзақтылыққа сәйкес, сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде кездесейік сандарды генерациялау әдісімен анықталған, ерікті уақытта аяқталуы тиіс.
5. (*Осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталды*).

6. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталды).*

8 бап. Баға ауытқуының шектелімдері

1. Баға ауытқуының шектелімі:
 - 1) ескертушілік;
 - 2) еңсерілетін;
 - 3) қатаң (еңсерілмейтін) болып бөлінеді.
2. Баға ауытқуларының ескертушілік шектелімі сауда-саттық жүйесіне өтінімдерды теріп енгізгенде техникалық қателерден сақтану үшін сауда-саттық жүйесінің баптауларымен орнатылады.

Егер сауда-саттық жүйесіне енгізілетін өтінімнің параметрлері қандай да бір баға ауытқуының ескертушілік шектелімін бұзушылықпен жүзеге асырылса, сауда-саттық жүйесі тиісті ескерту хабарламасын береді, оны осы тапсырысты берген сауда-саттыққа қатысушысы елемей, немесе осы өтінімді түзетуге пайдалануы мүмкін.
3. Баға ауытқуының еңсеруге келетін шектелімдері сауда-саттық жүйесінде Биржалық кеңес немесе Биржа Басқармасының шешімдерімен сауда-саттыққа қатысушыларды сауда-саттық жүйесіне өтінімдерды теріп, енгізуде немесе басқа да жағдайларда, техникалық қателерден сақтандыру мақсатында орнатылады.

Егер сауда-саттық жүйесіне енгізілетін өтінімнің параметрлері қандай да бір баға ауытқуының еңсеруге келетін шектелімін бұзушылықпен жүзеге асырғанда, сауда-саттық жүйесі осы өтінімді қабылдамайды (осы өтінімді қабылдаудан бас тартады) да, тиісті хабарлама береді.

Айтылмыш шектелімнен зерделі түрде асыру қажеттілігі болғанда, сауда-саттыққа мүдделі қатысушысы Биржа маклеріне, немесе оның орнындағы тұлғаға, айтылмыш шектелімді алып тастау немесе көтеру туралы өтініш жасауға құқылы. Биржа маклері осындай өтінішті қанағаттандырмауға құқығы жоқ, бірақ сауда-саттыққа қатысушылардың барлығын айтылмыш шектелімнің алып тасталуы немесе көтерілуі туралы міндетті түрде алдын ала хабарлайды.
4. Баға ауытқуының қатаң (еңсерілмейтін) шектелімдері Биржа кеңесінің немесе Биржа Басқармасының шешімімен, өтінімдер бағасының рұқсат етілетін ауқымын белгілеу немесе өзге де мақсаттарда бекітіледі.

Егер сауда-саттық жүйесіне енгізілетін өтінімнің параметрлері қандай да бір баға ауытқуының қатаң (еңсерілмейтін) шектелімін бұзушылықпен жүзеге асырылғанда, сауда-саттық жүйесі осы өтінімді қабылдамайды (осы өтінімді қабылдаудан бас тартады) да, тиісті хабарлама береді.

Биржа маклері айтылмыш шектелімді орнатқан Биржаның тиісті органының рұқсатысыз осы шектелімді алып тастауға немесе көтеруге құқы жоқ.
5. Баға ауытқуының еңсеруге келетін және қатаң (еңсерілмейтін) шектелімдері осы Регламенттің 2-5 тарауларында берілген.

9 бап. Еңсерілмейтін күштер жағдайлары орын алуының салдары

Биржада қаржы құралдарын әдеттегі тәртіпте айналысқа жіберуге кедергі болатын, еңсерілмейтін күштер жағдайлары орын алған кезде, олар – Биржа тарапынан саналы бақылауына жатпайтын кез келген төтенше жағдайлар, соның ішінде, бірақ тек аталғандар ғана емес, соғыс жағдайы, әскери немесе террорлық әрекеттер, мемлекеттік органдардың әрекеттері мен мемлекеттік

төңкеріс, өрт, дүлей апаттар және басқа да Биржа алдын ала болжай алмаған, әдеттегі тәртіпте мәмілелерді жасауға және орындау мүмкіншілігіне кедергі болған және тікелей ықпал еткен жағдайлар, бұл жағдайда Биржа Басқармасының Төрағасы немесе, сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін, Басқарма Төрағасының орынбасары, осы Регламентте белгіленген сауда-саттықтың және Биржаның бақылау және қамтамасыз ету жүйесі жұмысының негізгі параметрлерінен өзгесін белгілеуге құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

2 тарау. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ САУДА-САТТЫҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

10 бап. Сауда-саттық күні

1. Шетел валюталары бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 10.15-те басталып, Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады (осы Регламенттің 7 бабы 1-1 және 1-2 тармақтарында белгіленген шарттарды ескерумен) және келесідей сауда-саттықтарға бөлінеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) есеп айырысу мерзімі сауда-саттық күніндегі шетел валюталарымен (осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген, ерекшелікті ескерумен) – Алматы уақытымен 10.15-тен 15.30-ға дейін;
 - 2) есеп айырысу мерзімі сауда-саттық күніндегі қытай юанімен және қытай юанінен қатысты валюталық своп операциялары бойынша – Алматы уақытымен 10.15-тен 10.00-ге дейін;
 - 3) есеп айырысу мерзімі сауда-саттық күнінен кейінгі келесі немесе екінші жұмыс күніндегі шетел валюталарымен – Алматы уақытымен 10.15-тен 17.00-ге дейін;
 - 4) АҚШ долларына, еуро, рубльге қатысты валюталық своп операциялары бойынша – Алматы уақытымен 11.00-ден 15.30-ға дейін.
2. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*.

11 бап. АҚШ долларының сауда-саттықтарын өткізудің жеке параметрлері

1. АҚШ доллары теңгемен есеп айырысу арқылы саудаланады және оның есеп айырысу мерзімдері T+0⁴, T+1 және T+2 (бұдан әрі тиісінше "USDKZT_TOD", "USDKZT_TOM" және "USDKZT_SPT"⁵ деп белгіленеді).
(Осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған).
2. *(Осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*.

Қандай да бір себептермен Биржаның АҚШ доллары бойынша корреспондент – банктері АҚШ долларымен сауда-саттық болған күнде

⁴ Әлемдік тәжірибеде биржалық мәмілелер бойынша (биржалық мәмілелерді орындау) есептесулер мерзімдерін белгілеу "T+n" жазбасы түрінде жалпы қабылданған, мұнда T – мәміле жасалған биржалық сауда-саттық күні, ал n – айтылмыш биржалық сауда-саттық күні мен осы мәміле бойынша есептеулер жасалған күн арасындағы үзіліс ұзақтығы (жұмыс күнмен есептелген)..

⁵ Биржа Басқармасының 2017 жылдың 01 наурызындағы №21 шешімімен бекітілген "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін, қаржы құралдарын және бағалы қағаздар эмитенттерін кодтау тәртібі туралы Нұсқаулығын қараңыз.

есеп айырысуларды жүзеге асырмаған жағдайда (бұдан әрі – демалыс күні), USDKZT_TOD сауда-саттықтары өткізілмейді.

3. Қандай да бір себептермен Биржаның АҚШ доллары бойынша корреспондент – банктері үшін USDKZT_TOM (T+1 күні) немесе USDKZT_SPT (T+2 күні) қаржы құралдары бойынша мәмілелерді орындау күні демалыс күні болған жағдайда, осындай мәміленің орындалу күні ҚР жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент – банктері АҚШ доллары бойынша және теңгемен есеп айырысуларды жүзеге асыратын, демалыс күннен кейінгі келесі күн болып саналады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

Қандай да бір себептермен Биржаның АҚШ доллары бойынша корреспондент – банктері үшін USDKZT_SPT T+1 күн және T+2 күн демалыс күні болса, тиісті T+1 және T+2 күндері ҚР келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

4. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*.
5. АҚШ долларының сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі берілген өтінімнің бағасының соңғы мәміле бағасынан ауытқу мөлшеріне байланысты және осы Регламенттің 1 қосымшасында белгіленген.
6. АҚШ доллары бойынша сауда-саттық өткізгенде оның бағасы бір АҚШ долларына қазақстандық теңгемен, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәлдікпен, есептеледі.
7. USDKZT_TOD бойынша USDKZT_TOM немесе USDKZT_SPT бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы сауда-саттық сессиясында тиісінше USDKZT_TOD, USDKZT_TOM немесе USDKZT_SPT-пен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
8. АҚШ долларының сауда-саттығын өткізгенде баға ауытқуының еңсерілетін шектелімі орнатылмаған *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
9. АҚШ долларымен сауда-саттық жүргізудің қосымша әдістері белгіленбеген.

АҚШ долларының сауда-саттығын жүргізудің резервтегі әдісі (есептесу мерзімдеріне қарамастан) фиксинг әдісі болып табылады.

12 бап.

Еуроның сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

1. Еуро теңгемен және АҚШ долларымен есептесіп, T+0, T+1 және T+2 есептесу мерзімдеріне сәйкес саудаланады.

Теңгемен есептесетін еуро және оның есептесу мерзімдері бұдан әрі "EURKZT_TOD", "EURKZT_TOM" және "EURKZT_SPT"⁴ деп белгіленген.

АҚШ долларымен есептесетін еуро және есептесу мерзімдеріне сәйкес бұдан әрі "EURUSD_TOD", "EURUSD_TOM" және "EURUSD_SPT"⁴ деп белгіленген.

2. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*.

3. Қандай да бір себептермен сауда-саттық күні Биржаның еуро бойынша корреспондент – банктері үшін демалыс күні болса, EURKZT_TOD сауда-саттықтары өткізілмейді.

Қандай да бір себептермен сауда-саттық күні АҚШ доллары және/немесе еуро бойынша Биржаның тиісті корреспондент – банктерінің кез келгені немесе барлығы үшін демалыс күн болса, EURUSD_TOD сауда-саттықтары өткізілмейді.

4. *(Осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*

Қандай да бір себептермен Биржаның еуро бойынша корреспондент – банктері үшін EURKZT_TOM (T+1 күні) қаржы құралы бойынша мәмілелерді орындау күні демалыс күні болған жағдайда, осындай мәміленің орындалу күні ҚР жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент – банктері еуромен және теңгемен есеп айырысуларды жүзеге асыратын, демалыс күннен кейінгі келесі күн болып саналады.

Қандай да бір себептермен Биржаның АҚШ доллары және/немесе еуро бойынша корреспондент – банктері үшін EURUSD_TOM (T+1 күні) қаржы құралы бойынша мәмілелерді орындау күні демалыс күні болған жағдайда, осындай мәміленің орындалу күні ҚР жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент – банктері АҚШ долларымен және/немесе еуромен есеп айырысуларды жүзеге асыратын, демалыс күннен кейінгі келесі күн болып саналады.

Қандай да бір себептермен Биржаның еуро бойынша корреспондент – банктері үшін EURKZT_SPT (T+1 күні) қаржы құралы бойынша мәмілелерді орындау күні демалыс күні болған жағдайда, осындай мәміленің орындалу күні ҚР жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент – банктері еуромен және теңгемен есеп айырысуларды жүзеге асыратын, демалыс күннен кейінгі келесі күн болып саналады.

Қандай да бір себептермен Биржаның еуро бойынша корреспондент – банктері үшін EURKZT_SPT T+1 күн және T+2 күн демалыс күні болса, тиісті T+1 және T+2 күндері ҚР келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

Қандай да бір себептермен Биржаның АҚШ доллары және еуро бойынша корреспондент – банктері үшін EURUSD_SPT (T+2 күні) қаржы құралы бойынша мәмілелерді орындау күні демалыс күні болған жағдайда, осындай мәміленің орындалу күні ҚР жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент – банктері АҚШ долларымен және еуромен есеп айырысуларды жүзеге асыратын, демалыс күннен кейінгі келесі күн болып саналады.

Қандай да бір себептермен Биржаның АҚШ доллары және/немесе еуро бойынша корреспондент – банктері үшін EURUSD_SPT T+1 күн және T+2 күн демалыс күні болса, тиісті T+1 және T+2 күндері ҚР келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

5. Еуро бойынша сауда-саттық өткізгендегі лот көлемі 1.000 еуро болып табылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 28 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*
6. Еуро бойынша сауда-саттық өткізгенде, оның бағасы бір еуроға есептесу валютасымен өлшенеді:
- 1) EURKZT_TOD, EURKZT_TOM және EURKZT_SPT бойынша – үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл көрсетіліп, теңгемен;
 - 2) EURUSD_TOD, EURUSD_TOM және EURUSD_SPT бойынша – үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіліп, АҚШ долларымен.
7. Әрбір қаржы құралы – EURKZT_TOD, EURKZT_TOM, EURKZT_SPT, EURUSD_TOD, EURUSD_TOM және EURUSD_SPT бойынша – сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы қаржы құралымен осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
8. Еуро сауда-саттығын өткізгенде баға ауытқуының еңсеруге келетін шектелімі соңғы мәміленің бағасынан 3 % көлемінде бекітілген.
9. Еуро сауда-саттығын өткізудің қосымша әдістері белгіленбеген.

Еуро сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг болып табылады.

13 бап. Ресей рублінің сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

1. Ресей рублі есептесу мерзімдері T+0, T+1 және T+2 (бұдан әрі тиісінше "RUBKZT_TOD", "RUBKZT_TOM" және "RUBKZT_SPT" деп белгіленеді) болып саудаланады.

2. *(Осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*

Қандай да бір себептермен ресей рублі бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін RUBKZT_TOD бойынша сауда-саттықтар күні демалыс күні болған жағдайда, сауда-саттықтар өткізілмейді.

3. *(Осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*

Қандай да бір себептермен Биржаның ресей рублі бойынша корреспондент – банктері үшін RUBKZT_TOM (T+1 күні) қаржы құралы бойынша мәмілелерді орындау күні демалыс күні болған жағдайда, осындай мәміленің орындалу күні ҚР жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент – банктері ресей рублімен және теңгемен есеп айырысуларды жүзеге асыратын, демалыс күннен кейінгі келесі күн болып саналады.

Қандай да бір себептермен Биржаның ресей рублі бойынша корреспондент – банктері үшін RUBKZT_SPT (T+2 күні) қаржы құралы бойынша мәмілелерді орындау күні демалыс күні болған жағдайда, осындай мәміленің орындалу күні ҚР жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент – банктері ресей рублімен және теңгемен есеп айырысуларды жүзеге асыратын, демалыс күннен кейінгі келесі күн болып саналады.

Қандай да бір себептермен Биржаның ресей рублі бойынша корреспондент – банктері үшін RUBKZT_SPT T+1 күн және T+2 күн демалыс күні болса, тиісті T+1 және T+2 күндері ҚР келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

4. Ресей рублі бойынша сауда-саттық өткізгенде лот көлемі 50.000 ресей рубліне болып табылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 28 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*
5. Ресей рублі бойынша сауда-саттық өткізгенде оның бағасы әр рубльге қазақстандық теңгемен есептеліп, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.
6. Ресей рублі бойынша өткізілетін сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
7. Ресей рублі үшін баға ауытқуының еңсеруге келетін шектелімі соңғы мәміле бағасының 3 % көлемінде бекітілген.
8. Ресей рублі бойынша сауда-саттықтың қосымша әдістері белгіленбеген.

Ресей рублі бойынша сауда-саттықтың резервті әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

14 бап. Қытай Халық Республикасының юанінің сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

1. Қытай Халық Республикасының юані есептесуі теңгемен. есеп айырысу мерзімдері T+0, T+1 және T+2 (бұдан әрі тиісінше "CNYKZT_TOD", "CNYKZT_TOM" және "CNYKZT_SPT" деп белгіленеді) болып саудаланады.

2. Торги CNYKZT_TOD, CNYKZT_TOM және CNYKZT_SPT не проводятся в случае, если по каким-либо причинам день торгов является для банков – корреспондентов Биржи по юаню нерабочим днем *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

3. *(Осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*.

Қандай да бір себептермен Биржаның қытай юані бойынша корреспондент – банктері үшін CNYKZT_TOM (T+1 күні) қаржы құралы бойынша мәмілелерді орындау күні демалыс күні болған жағдайда, осындай мәміленің орындалу күні ҚР жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент – банктері қытай юанімен және теңгемен есеп айырысуларды жүзеге асыратын, демалыс күннен кейінгі келесі күн болып саналады.

Қандай да бір себептермен Биржаның қытай юані бойынша корреспондент – банктері үшін CNYKZT_SPT (T+2 күні) қаржы құралы бойынша мәмілелерді орындау күні демалыс күні болған жағдайда, осындай мәміленің орындалу күні ҚР жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент – банктері қытай юанімен және теңгемен есеп айырысуларды жүзеге асыратын, демалыс күннен кейінгі келесі күн болып саналады.

Қандай да бір себептермен Биржаның қытай юані бойынша корреспондент – банктері үшін CNYKZT_SPT T+1 күн және T+2 күн демалыс күні болса, тиісті T+1 және T+2 күндері ҚР келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

4. Размер лота при проведении торгов юанем составляет 5 000 юаней *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 28 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Қытай юані бойынша сауда-саттық өткізгенде оның бағасы әр юаньға қазақстандық теңгемен есептеліп, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.
6. Қытай юані бойынша өткізілетін сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
7. Қытай юані үшін баға ауытқуының еңсеруге келетін шектелімі соңғы мәміле бағасының 3 % көлемінде бекітілген.
8. Қытай юані бойынша сауда-саттықтың қосымша әдістері белгіленбеген.

Қытай юані бойынша сауда-саттықтың резервті әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

15 бап.

Шетел валютасы сауда-саттығының валюталық своп бөлігіндегі жеке параметрлері

1. Валюталық своп операциялары, осы операциялардың заты ретінде, АҚШ долларына қатысты жүзеге асырылып, келесідей мәмілелер түрлерінен тұрады:
 - 1) USDKZT_TOD немесе USDKZT_TOM жасалатын мәмілелермен, есептесу мерзімі ертерек жүзеге асырылатын (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшелікті ескеріп) мәмілелер ретінде (своп операциялары басталатын (ашылатын) мәмілелер);

- 2) USDKZT_TOM, USDKZT_SPT, USDKZT_01W⁶, USDKZT_01M, USDKZT_03M, USDKZT_06M немесе USDKZT_01Y-мен жасалатын мәмілелермен, есептесу мерзімі кейінірек жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (своп операцияларын аяқтайтын (жабылатын) мәмілелер) жүзеге асырылады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 28 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Валюталық своп операциялары, осы операциялардың заты ретінде, еуроға қатысты жүзеге асырылып, келесідей мәмілелер түрлерінен тұрады:
 - 1) EURKZT_TOD немесе EURKZT_TOM қаржы құралымен жасалатын мәмілелер, есептесу мерзімі ертерек жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (своп операциялары басталатын (ашылатын) мәмілелер) (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшелікті ескеріп);
 - 2) EURKZT_TOM немесе EURKZT_SPT қаржы құралымен жасалатын мәмілелер, есептесу мерзімі кейінірек жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (своп операцияларын аяқтайтын (жабатын) мәмілелер) жүзеге асырылады.
3. USDKZT_TOM және EURKZT_TOM қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер валюталық своп операцияларының басталуы (ашылуы) үшін қолданылуы мүмкін, егер осындай басталу (ашылу) күні тиісінше USDKZT_TOM және EURKZT_TOM қаржы құралдарымен сауда-саттықтар өткізілмесе.
4. Валюталық своп операциялары, осы операциялардың заты ретінде, ресей рубліне қатысты жүзеге асырылып, келесідей мәмілелер түрлерінен тұрады:
 - 1) RUBKZT_TOD немесе RUBKZT_TOM қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер есеп айырысу мерзімі ертерек мәмілелер ретінде (валюталық своп операциясы басталатын (ашылатын), мәмілелер (осы баптың 5 тармағында белгіленген ерекшелікті ескерумен);
 - 2) RUBKZT_TOM немесе RUBKZT_SPT қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер есеп айырысу мерзімі кейінірек мәмілелер ретінде (валюталық своп операциясы аяқталатын (жабылатын), мәмілелер.
5. RUBKZT_TOM қаржы құралымен жасалған мәмілелер, осындай бастау (ашу) күні тиісінше RUBKZT_TOD бойынша сауда-саттықтар өткізілмесе, валюталық своп операцияларын бастау (ашу) үшін қолданылуы мүмкін.
6. Валюталық своп операциялары, осы операциялардың заты ретінде, қытай юаніне қатысты жүзеге асырылып, келесідей мәмілелер түрлерінен тұрады:
 - 1) CNYKZT_TOD немесе CNYKZT_TOM қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер есеп айырысу мерзімі ертерек мәмілелер ретінде (валюталық своп операциясы басталатын (ашылатын), мәмілелер;
 - 2) CNYKZT_TOM немесе CNYKZT_SPT қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер есеп айырысу мерзімі кейінірек мәмілелер ретінде (валюталық своп операциясы аяқталатын (жабылатын), мәмілелер.
7. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*.
8. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*.

⁶ Биржа Басқармасының 2017 жылдың 01 наурызындағы № 21 шешімімен бекітілген, "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелері мен олардың шоттарын, бағалы қағаздар мен олардың эмитенттерін кодтау тәртібі туралы нұсқаулықты қараңыз.

9. Валюталық своп операциясын жүзеге асырғандағы лот көлемі, осы валюталық своп операциясының заты болып табылатын, валютаның 10.000 бірлігін құрайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 30 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
10. Валюталық своп операциясын жүзеге асырғанда, осындай операцияның бағасы (баға ретінде своп операциясының кірістілігі қолданылады) пайызбен өлшеніп, үтірден кейінгі төртінші таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.
11. Валюталық своп операцияларын жүзеге асырғанда сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы сауда-саттық сессиясында осы басталған (ашылған) осы құрамдағы валюталық своп операциясының жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
12. Валюталық своп операцияларын жүзеге асырғанда сауда-саттықтың қосымша әдістері белгіленбеген.
Валюталық своп операцияларын жүзеге асырғанда сауда-саттықтың резервті әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

3 тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ САУДА-САТТЫҒЫН ӨТКІЗУДІҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

16 бап. Сауда-саттық күні

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша сауда-саттығын тікелей мәмілелер жасасу әдісімен өткізуге тыйым салынған. күні Алматы уақытымен 11.30-да басталып, Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады

Статья 17. Тікелей мәмілелер жасасу әдісін қолдануды шектеу

Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздарының сауда-саттығын қоспағанда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша сауда-саттығын тікелей мәмілелер жасасу әдісімен өткізуге тыйым салынған.

18 бап. Республик Қазақстан Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары бойынша баға ауытқуының шектелімдері

Биржалық кеңес шешімімен (2007 жылдың 26 желтоқсанындағы №34 отырыс хаттамасы) кез келген атаудағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздарына баға ауытқуының еңсеруге келетін шектелімі осы атаулы бағалы қағаздармен жасалған мәміленің (реті бойынша біріншісіне дейін – осы атаулы бағалы қағаздармен соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында жасалған мәмілелердің орта өлшеулі бағасынан) 30 % көлемінде бекітілген. Дегенмен, сауда-саттыққа мүдделі қатысушысы сауда-саттық сессиясы аяқталғанға дейін 15 минуттан кешіктірмей Биржа маклеріне айтылмыш шектелімді алып тастауға немесе көтеруге өтініш білдіруге құқылы.

19 бап. Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздарының сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздарының (бұдан әрі осы бапта – еурооблигациялар) сауда-саттығы өткізілгенде лот көлемі орнатылмайды.

2. Қандай да бір атаудағы еурооблигациялардың сауда-саттығы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:

осы атаудағы еурооблигациялар дисконттық болып табылса немесе, осы Регламенттің 2 қосымшасының 1 тармағында белгіленген, критерийлердің ең болмаса біреуіне сәйкес келсе; "таза" бағамен өткізіледі;

немесе

осы атаудағы еурооблигациялар, осы Регламенттің 2 қосымшасының 2 тармағында белгіленген, критерийлердің барлығына сәйкес келсе; "таза емес" бағамен өткізіледі.

3. Еурооблигациялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы еурооблигациялармен осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
 4. Еурооблигациялар сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі болып тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.
- Еурооблигациялар сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

20 бап.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің⁷ және жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдары бағалы қағаздарының (бұдан әрі осы бапта – мемлекеттік облигациялардың) сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі орнатылмайды.
2. Қандай да бір атаудағы мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:

осы атаудағы мемлекеттік облигациялар дисконттық болып табылса немесе, осы Регламенттің 2 қосымшасының 1 тармағында белгіленген, барлық критерийлерге сәйкес келсе; "таза" бағамен;

немесе

осы атаудағы мемлекеттік облигациялар, осы Регламенттің 2 қосымшасының 2 тармағында белгіленген, барлық критерийлерге сәйкес келсе; "таза" бағамен.

3. Қандай да бір мемлекеттік облигациялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы мемлекеттік облигацияларымен осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
4. Мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдістері (осы Регламенттің 15 бабындағы шектеулерден шыға отырып) белгіленбеген..

Мемлекеттік облигациялар сауда-саттығының қосымша әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

⁷ Осы Регламенттің 17 бабында сауда-саттық өткізуінің жеке параметрлері белгіленген, Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздарынан басқа.

4 тарау. БЕЙМЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

21 бап. Сауда-саттық күні

Беймемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 11.30-да басталып, Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

22 бап. Беймемлекеттік бағалы қағаздар бойынша баға ауытқуының шектелімдері

Биржалық кеңес шешімімен (2007 жылдың 26 желтоқсанындағы № 34 отырыс хаттамасы) кез келген атаудағы беймемлекеттік бағалы қағаздарына (Биржа арқылы саудаланатын мемлекеттік акциялар пакетіне кіретін бағалы қағаздардан басқасы) баға ауытқуының еңсеруге келетін шектелімі осы атаулы бағалы қағаздармен жасалған мәміленің (реті бойынша біріншісіне дейін – осы атаулы бағалы қағаздармен соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында жасалған мәмілелердің орта өлшеулі бағасынан) 30 % көлемінде бекітілген. Дегенімен, сауда-саттыққа мүдделі қатысушысы сауда-саттық сессиясы аяқталғанға дейін 15 минуттан кешіктірмей Биржа маклеріне айтылмыш шектелімді алып тастауға немесе көтеруге өтініш білдіруге құқылы.

23 бап. Акциялардың сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

Биржа Басқармасының шешімімен қандай да бір атаудағы акцияларға қатысты өзгесі белгіленбесе, акциялар, "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын, репо операцияларының заты ретінде ғана қолданылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

24 бап. Биржаның ресми тізіміне енгізілген облигациялардың сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

1. Биржаның ресми тізіміне енгізілген облигациялардың (бұдан әрі осы бапта – листингілік облигациялар) сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі орнатылмайды.
2. Қандай да бір атаудағы листингілік облигациялардың сауда-саттығы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:

осы атаудағы листингілік облигациялар дисконттық болып табылса немесе, осы Регламенттің 2 қосымшасының 1 тармағында белгіленген, барлық критерийлерге сәйкес келсе; "таза" бағамен;

немесе

осы атаудағы листингілік облигациялар осы Регламенттің 2 қосымшасының 2 тармағында белгіленген, критерийлердің барлығына сәйкес келсе; "таза емес" бағамен өткізіледі.

Қандай да бір атаудағы листингілік облигациялардың сауда-саттығы жүзеге асырылатын ("таза" және "таза емес") бағалары, осы атаудағы листингілік облигациялардың сауда-саттығын ашуға байланысты қабылданған Биржа Басқармасының шешімдерімен белгіленеді.
3. Қандай да бір листингілік облигациялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясындағы осы листингілік облигациялармен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.

- 3-1. АҚШ долларымен номинацияланған облигациялардың сауда-саттықтарында жасалған мәмілелер бойынша осы валютамен есеп айырысу күні қандай да бір себептермен АҚШ долларымен есеп айырысатын Биржаның корреспондент – банктері үшін демалыс күні болса, екі сауда-саттық күн бұрын сауда-саттықтар өткізілмейді ([осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен толықтырылды](#)).
4. Листингілік облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.
Листингілік облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

25 бап.

"Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілген облигациялардың сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

1. "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілген облигациялардың (бұдан әрі осы бапта – листингілік емес облигациялар) сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі орнатылмайды.
2. Қандай да бір атаудағы листингілік емес облигациялар дисконттық болып табылса, немесе осы Регламенттің 2 қосымшасының 1 тармағындағы критерийлерге сәйкес келсе, осы атаудағы листингілік емес облигациялардың сауда-саттықтары, "таза" бағамен өткізіледі ([осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген](#)):
немесе
листингілік емес бағалы қағаздар осы Регламенттің 2 қосымшасының 2 тармағындағы критерийлерге сәйкес келсе, осы атаудағы листингілік емес облигациялардың сауда-саттықтары, "таза емес" бағамен өткізіледі.
Қандай да бір атаудағы листингілік емес облигациялардың сауда-саттығы жүзеге асырылатын ("таза" және "таза емес") бағалары, осы атаудағы листингілік облигациялардың сауда-саттығын ашуға байланысты қабылданған Биржа Басқармасының шешімдерімен белгіленеді.
3. Қандай да бір листингілік емес облигациялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясындағы осы листингілік емес облигациялармен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
4. Листингілік емес облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.
Листингілік емес облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

26 бап.

Мемлекеттік акциялар пакетінің сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Мемлекеттік акциялар пакетінің сауда-саттығын өткізгенде лот көлемін Биржаға осы мемлекеттік акциялар пакетін сатушылары хабарлайды.
2. Мемлекеттік акциялар пакетінің сауда-саттығын өткізгенде олардың бағасы әр акцияға қазақстандық теңгемен есептеліп, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.
3. Мемлекеттік акциялар пакетіне қатысты "ашылу бағасы" және "баға ауытқуының шектелімі" ұғымдары қолданылмайды.
4. Мемлекеттік акциялар пакетінің сауда-саттық әдісі осы мемлекеттік акциялар пакетінің сатушыларымен Биржамен келісіп белгіленеді.

**5 тарау. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛЕТІН
САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ**

(Осы тарау Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған)

**6 тарау. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ ЖӘНЕ ШЕТ
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ**

30 бап. Сауда-саттық күні

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шет мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 11.30-да басталып, Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады.

31 бап. Баға ауытқуының шектелімдері

Биржалық кеңес шешімімен (2007 жылдың 26 желтоқсанындағы № 34 отырыс хаттамасы) кез келген атаудағы халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шет мемлекеттік бағалы қағаздарына баға ауытқуының еңсеруге келетін шектелімі осы атаулы бағалы қағаздармен жасалған мәміленің (реті бойынша біріншісіне дейін – осы атаулы бағалы қағаздармен соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында жасалған мәмілелердің орта өлшеулі бағасынан) 30 % көлемінде бекітілген. Дегенмен, сауда-саттыққа мүдделі қатысушысы сауда-саттық сессиясы аяқталғанша дейін 15 минуттан кешіктірмей уақытта Биржа маклеріне айтылмыш шектелімді алып тастауға немесе көтеруге өтініш білдіруге құқылы.

**32 бап. Халықаралық қаржы ұйымдардың бағалы қағаздары сауда-саттығының
жекe параметрлері**

1. Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары (бұдан әрі осы бапта – ХҚҰ облигациялары) бойынша сауда-саттық өткізгенде лот көлемі орнатылмайды.
2. Қандай да бір атаудағы ХҚҰ облигацияларының сауда-саттығын өткізгенде *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген):*

осы атаудағы ХҚҰ облигациялары дисконттық болып табылса, немесе, осы Регламенттің 2 қосымшасының 1 тармағында белгіленген, барлық критерийлерге сәйкес келсе, "таза" бағамен;

немесе

осы атаудағы ХҚҰ облигациялары, осы Регламенттің 2 қосымшасының 2 тармағында белгіленген, барлық критерийлерге сәйкес келсе, "таза емес" бағамен өткізіледі.

Қандай да бір атаудағы ХҚҰ облигациялары сауда-саттығы жүзеге асырылатын ("таза" және "таза емес") бағалары, осы атаудағы ХҚҰ облигациялары сауда-саттығын ашуға байланысты қабылданған Биржа Басқармасының шешімдерімен белгіленеді.

3. Қандай да бір ХҚҰ облигациялары бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясындағы осы ХҚҰ облигацияларымен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.

4. ХҚҰ облигацияларының сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

ХҚҰ облигацияларының сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

33 бап. Шет мемлекеттік бағалы қағаздар сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Шет мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі осы бапта – шет мемлекеттік облигациялар) бойынша сауда-саттық өткізгендегі лот көлемі орнатылмайды.

2. Қандай да бір атаудағы шет мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығын өткізгенде *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:

осы атаудағы шет мемлекеттік облигациялар дисконттық болып табылса, немесе, осы Регламенттің 2 қосымшасының 1 тармағында белгіленген, барлық критерийлерге сәйкес келсе, "таза" бағамен;

немесе

осы атаудағы шет мемлекеттік облигациялар, осы Регламенттің 2 қосымшасының 2 тармағында белгіленген, барлық критерийлерге сәйкес келсе, "таза емес" бағамен өткізіледі.

Қандай да бір атаудағы шет мемлекеттік облигациялар сауда-саттығы жүзеге асырылатын ("таза" және "таза емес") бағалары, осы атаудағы ХҚҰ облигациялары сауда-саттығын ашуға байланысты қабылданған Биржа Басқармасының шешімдерімен белгіленеді.

3. Қандай да бір шет мемлекеттік облигациялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясындағы осы шет мемлекеттік облигацияларымен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.

4. Шет мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

Шет мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

7 тарау. ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР САУДА-САТТЫҚТАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

(Осы тарау Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған)

8 тарау. ФЬЮЧЕРСТЕРДІҢ САУДА-САТТЫҒЫН ӨТКІЗУДІҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

36 бап. Сауда-саттық күні

Фьючерстердің сауда-саттық күні Алматы уақытымен 10.00-де басталып, Алматы уақытымен 15.30-да аяқталады.

37 бап. Фьючерстердің сауда-саттығының жеке параметрлері

Фьючерстердің сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері Фьючерстердің биржалық сауда-саттығы, Биржаның Басқармасы бекітілетін, Ережелерде және фьючерстердің маманданымдарында белгіленеді.

9 тарау. РЕПО НАРЫҒЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

38 бап. Репо операциясы бойынша сауда-саттық күні

1. "Тікелей" және "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын, репо операциясының сауда-саттық күні Алматы уақытымен 11.30-да басталып, Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады.

Репо жабылу мәмілесін орындауға даярлық туралы хабарламаны сауда-саттыққа қатысушысы немесе Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы жабылу күнінде 16.45-тен кешіктірмей жолдауы тиіс ([осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген](#)).

2. Неттингпен репо операциялары бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 11.30-да басталып, Алматы уақытымен 17.15-те аяқталады.

39 бап. Репо операциясын "тікелей" әдіспен жүзеге асырудағы сауда-саттық өткізудің жеке параметрлері

Репо операцияларын "тікелей" әдіспен жүзеге асырғандағы негізгі әдісі болып мәмілелерді тікелей жасасу әдісі болып табылды, бұл ретте:

- 1) репо ашылау және жабылу бағасы осы бағалы қағаздардың нарықтық бағасынан шыға отырып анықталады;
- 2) репо ашылуы және жабылуы мерзімі (репо жабылу датасын) операцияға қатысушылардың дербес түрде өзара келісімімен белгіленеді;
- 3) "ашылу бағасы" және "баға ауытқуының шектелімі" ұғымдары "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясына қатысты қолданылмайды;
- 4) "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясының қосымша және қосымша әдістері жоқ.

40 бап. Репо операцияларын "автоматты" әдіспен және неттингпен репоны жүзеге асырғандағы сауда-саттық өткізудің жеке параметрлері

1. Репо операциясын "автоматты" әдіспен жүзеге асырғандағы лот көлемі 1.000.000 теңгені құрайды, неттингпен репо кезінде лот көлемі белгіленбейді.
2. Автоматты репо нарығында сауда-саттық өткізгенде репо операциясының бағасы (репо операциясының кірістілік көрсеткішін қолданады) үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.
3. Сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде қолданылады:
 - 1) "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын, қандай да бір мерзімдегі репо операциясының заты ретінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздары қолданылса (жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздарынан басқа) – соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында жасалған мәмілелердің, осы мерзімдегі барлық репо операцияларының ашылу мәмілелерінен орташа сараланған кірістілігі;
 - 2) "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын, қандай да бір мерзімдегі репо операциялары ретінде осы тармақтың 1) тармақшасында аталған бағалы қағаздардан басқасы қолданылса, – осы мерзімдегі репо операцияларының осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші ашылу мәмілесінің көрсеткішінен кірістілігі қолданылады;

- 3) неттингпен репо операциясы бойынша – осы сауда-саттық сессиясында жасалған, бірінші мәміледен шыға отырып неттингпен репо операциясының кірістілігі.
4. "Автоматты" әдіспен және неттингпен жүзеге асырылатын репо операцияларына баға ауытқуының шектелімі белгіленбеген.
- 4-1. АҚШ долларымен номинацияланған, облигациялар үшін неттингпен репо операциялары бойынша, осы валютамен есеп айырысатын, сауда-саттықтар өткізілмейді, егер *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен толықтырылды)*:
 - 1) қандай да бір себептермен АҚШ доллары бойынша Биржаның корреспондент – банктері сауда-саттық болатын күні АҚШ долларымен есеп айырысуларды жүзеге асырмаса;
 - 2) қандай да бір себептермен АҚШ доллары бойынша Биржаның корреспондент – банктері сауда-саттық болатын күннен бір күн бұрын АҚШ долларымен есеп айырысуларды жүзеге асырмаса.
5. Автоматты" әдіспен және неттингпен жүзеге асырылатын репо операцияларын жүзеге асыру сауда-саттығының қосымша әдістері белгіленбеген.

"Автоматты" әдіспен және неттингпен жүзеге асырылатын репо операцияларын жүзеге асыру сауда-саттығының резервтегі әдісі фиксинг болып табылады.

10 тарау. KASE PRIVATE MARKET ЖӘНЕ KASE STARTUP САУДА-САТТЫҚ АЛАҢДАРЫНДА САУДА-САТТЫҚТАР ӨТКІЗУДІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ

KASE Private Market және KASE Startup сауда-саттық алаңдарында сауда-саттықтар өткізудің параметрлері тиісінше "KASE Private Market сауда-саттық алаңында мәмілелер жасасу тәртібі туралы қағида" және "KASE Startup сауда-саттық алаңында мәмілелер жасасу және есеп айырырудың тәртібі туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

11 тарау. БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

(осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)

- 41 бап. Регламент работы системы контроля және обеспечения** *(осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*
1. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесі әр жұмыс күні Алматы уақытымен сағат 11.30-дан 17.30-ға дейін жұмыс істейді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
 2. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс уақыты Биржа Басқармасының Төрағасымен немесе Басқарма Төрағасының орынбасарымен мынадай жағдайларда ұзартылуы мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) сауда-саттық өткізу кезінде және мәмілелерді растау туралы хабарламаларын қабылдағанда қолданылатын, Биржаның бағдарламалық-техникалық құралдарының жұмысындағы жаңылыстар, немесе Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің әдеттегі тәртіптемеде

қызмет етуіне кедергі болатын, оқыс жағдайлардың туындауы *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;

- 2) сауда-саттыққа қатысушының еркін түрде жазылған, себептері мен ұзарту уақыты көрсетілген, операциялық күнді ұзарту туралы жазбаша өтінішінің келіп түсуі. Осы өтініште Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс уақытын ұзартудың болжанған уақыты, Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс уақытын ұзарту себептерінің сипаттамасы көрсетілуі тиіс *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

42 бап. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесі жұмысының ерекшеліктері

(осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)

1. Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісімен жүзеге асырылатын сауда-саттығын өткізгенде, орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының жалғыз сатушысынан (сатып алушысынан) басқасының өтінімдері, қанағаттандырылғанда Бақылау және қамтамасыз ету жүйесіне қатысушылармен бақыланатын сауда-саттық шоттары қолданылатын, расталуға жатады; бұл ретте Биржа осы өтінімдердің расталуын мақұлдау немесе бас тартуын:
 - 1) қаржы құралын орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) аукционы өткізілгенде – Биржаның осы өтінімдерді қабылдауға белгілеген кезеңі мен осы кезең аяқталған сәттен кейін 30 минут аралығында;
 - 2) бағалы қағаздарды қоса орналастару бойынша сауда-саттық өткізілгенде, - осы өтінімдерді қабылдауға Биржа белгілеген уақыт кезеңі мен осы кезең аяқталған сәттен кейінгі 15 минутты қоса уақыт аралығында алуы тиіс.
2. T+0 сызбасы бойынша бағалы қағаздардың сауда-саттығын өткізгенде "Толық қамтылған T+0 сызбасы бойынша (гросс-есептеулер) бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысулардың жүзеге асыру регламенті" атты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады".
3. T+2 сызбасы бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың сауда-саттығын өткізгенде мәмілелерді растау "T+2 сызбасы бойынша мемлекеттік бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу тәртібі" атты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
4. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған)*.

12 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Регламент Биржаның интернет-сайтында жариялауға жатады.
2. Осы Регламентке енгізілген өзгертулерді және/немесе толықтыруларды уақытылы енгізуге (актуализациялау) Сауда-саттық департаменті жауапты болады.
3. Осы Регламент қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде үш жылда бір рет, актуализацияланып тұруға жатады.

Сауда-саттық регламенті және
Бақылау және қамтамасыз ету
жүйесінің жұмысына (осы
тақырыптама Биржа
Басқармасының 2019 жылдың
05 қыркүйегіндегі шешімімен
өзгертілген)

1 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 28 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)

АҚШ долларының сауда-саттығын өткізгендегі лот

КӨЛЕМІ

№	Лоттың минималды мөлшері, АҚШ доллары	Соңғы мәміленің бағасынан өтінім бағасының ауытқуы, %
1.	1 000 – 99 000	0,00–0,10
2.	100 000 – 999 000	0,11–0,20
3.	1 000 000 – 2 499 000	0,21–0,40
4.	2 500 000 – 4 999 000	0,41–0,60
5.	5 000 000 – 9 999 000	0,61–0,80
6.	10 000 000 және одан жоғары	0,81–1,00

Сауда-саттық регламенті және Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмысына *(осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2019 жылдың 05 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

2 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)

Биржада айналысқа жіберілген борыштық бағалы қағаздардың сауда-саттығы жүзеге асырылатын, бағалардың түрлерін ("таза" немесе "таза емес") анықтау

К Р И Т Е Р И Й Л Е Р І

1. Борыштық бағалы қағаздар Биржада "таза" бағамен саудаланады, егер олар мынадай критерийлерге сәйкес болса:
 - 1) облигациялардың номиналды құны тиянақталған, яғни, облигациялардың айналыста болу мерзімінде өзгертуге жатпайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*;
 - 3) облигациялар мерзімдік болып табылады және облигациялардың айналыста болу мерзімі әр купондық кезеңге еселенген;
 - 4) облигациялардың өтеу датасы тиянақталған;
 - 5) облигациялардың купондық сыйақылар төлеу даталары тиянақталған, айналыста болуының әр жылында бірдей;
 - 6) облигациялардың есептеу базисі – 30 / 360 немесе actual / actual;
 - 7) облигациялар бойынша купондық сыйақының көлемі тиянақталған немесе құбылмалы (индекстелген), бірақ кезекті купондық кезеңге купондық сыйақының көлемі, кезекті купондық кезең басталар алдында кемінде екі ҚР жұмыс күн бұрын белгілі болуы тиіс;
 - 8) облигациялар амортизацияланбаған болуы тиіс, облигациялардың шығарылым шарттарымен олардың мерзімнен бұрын жартылай өтелу графигі қарастырылмаған болуы тиіс. Бұл ретте, айналыстағы облигациялардың санын қысқарту жолымен облигациялардың мерзімнен бұрын жартылай өтелуі рұқсат етілуі мүмкін, бұл облигациялардың шығарылым аңдатпасында (немесе мағынасы ұқсас басқа құжатта) нақты көрсетілуі тиіс;
 - 9) облигацияларға есептелетін, купондық сыйақының қандай да бір түрдегі капитализациясы қарастырылмаған;
 - 10) айналыста болу мерзімі аяқталғанда есептелетін купондық сыйақы және берешек номиналынан басқа, облигациялар бойынша кез келген өзге сомалардың есептеліп, төленуі қарастырылмаған.
2. Борыштық бағалы қағаздар, келесі критерийлердің барлығына сәйкес келсе, Биржада "таза емес" бағамен саудаланады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) борыштық бағалы қағаздар дисконттық болып табылмайды;
 - 2) облигациялардың номиналды құны индекстелмеген;

- 3) борыштық бағалы қағаздар осы қосымшаның 1 тармағында аталған критерийлердің ешқайсысына сәйкес келмейді.
- 2-1. Облигациялардың номиналды құны индекстелген болса, купондық сыйақыны есептеу үшін де, өтегенде негізгі борышты төлеу үшін де бірдей тәртіпте индекстеледі (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 26 маусымындағы шешімімен толықтырылған*).
3. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасына (немесе мағынасы ұқсас өзге құжатқа) өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілгенде, осыға сәйкес аталмыш облигациялар осы Қосымшаның 1 тармағында белгіленген критерийлердің ең болмаса біреуіне сәйкес келмесе немесе, керісінше, осы Қосымшаның 1 тармағында белгіленген критерийлердің барлығына сәйкес болса, Биржа Басқармасы осы атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттық тәртіптемесін өзгерту – "таза" бағамен сауданы "таза емес" бағамен саудаға немесе керісінше ауыстыру туралы шешім қабылдайды. Осындай шешім қабылдауға, Мониторинг департаментінің берген ақпаратына сәйкес, осы атаудағы облигациялардың рұқсат ету бастамашысы осы атаудағы облигациялардың шығарылым аңдатпасына (немесе мағынасы ұқсас өзге құжатқа) өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізулерін биржаға ұсынуы негіз бола алады.